

ӘОЖ 03.20

**XV – XVIII ғғ. ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ  
ПРОЦЕСТЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Смағұлов Дәурен Сайлаубайұлы**

[dauren2985@mail.ru](mailto:dauren2985@mail.ru)

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс докторанты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Жалпы тарихи тұрғыдан алып қарасақ, қазіргі адамзат өсуінің кез келген этномәдени тұтас ортақтық қоғамы нақты географиялық мекендеу ортасындағы сан ғасырлық табиғи – тарихи даму процесінің нәтижесі болып табылады. Осы сан қырлы құбылысты объективті түрде зерделеу көптеген білім салалары мен ғалымдардың талай ұрпақтарының міндеті екендігі белгілі. Кең байтақ қазақ даласында қазақ халқының қалыптасуы мен дамуы, оның бір этникалық бірлестікке бірігуі әлі күнге дейін толыққанды, жан-жақты зерттеуді қажет ететін тақырыптың бірі. Қазақ жеріндегі ру – тайпалардың орналасуы, олардың территорияларының шекараларын анықтау барысында біршама тарихи – этимологиялық атаулардың мазмұнын анықтау біте қайнасып жатқан мәселелер. Сондықтан да XV – XVIII ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы ру – тайпалардың орналасуын қарастырмас бұрын, алдымен сол кезеңдердегі этимологиялық мәселелерді қарастырып өткенді жөн санап отырмыз.

Біз қарастырып отырған кезең туралы көп мәліметтерді түркі – парсы деректері беретіндігі белгілі. Ол деректерде «қазақ» атауымен қатар «өзбек», «өзбек – қазақ», «моғолдар», «ноғайлар», «маңғыттар» ұғымдары жиі аталады [1, 131, 132, 136, 137, 176, 186, 188, 198, 199, 208, 212, 213, 216, 219, 221, 231, 389, 394, 396, 436, 439, 440, 442, 443, 447, 450-452, 455-457, 471, 474 бб.]. Бұл атаулар туралы әлі де болса ғалым – зерттеушілердің арасында белгілі бір ортақ пікір, ортақ ой жоқ. Жалпы, «өзбек» атауына қатысты зерттеушілердің ой-пікірлерін екі топқа бөліп қарастыруға болады. Зерттеушілердің бір тобы бұл атаудың шығуын Алтын Орда ханы Өзбектің атымен байланыстырса, енді бір тобы «өзі» немесе «өз» сөзі мен «бек» сөздерінің бірігуінен шыққан деп түсіндіреді. Ортағасырлардағы жазба деректерге сүйене отырып осындай тоқтамдарға келеді. Г. Вамбери, В. В. Григорьев, А. А. Семенов, Б. А. Ахмедов, З. Қинаятұлы, Б. Б. Кәрібаев және т. б. зерттеушілер өзбек атауының шығу тегі туралы өз ойларын білдірген. Ендігі кезекте осы аталған зерттеушілердің ойларын қысқаша түрде баяндап өтсек.

Г. Вамбери Еділ өзені мен Арал теңізінің аралығындағы түрік-моңғол тайпалары Жошы әулетінің ұрпағы Өзбектің есімі бойынша саяси жинақтаушы өзбек атауын қабылдады деп айтады. Бірақ көптеген зерттеушілердің дәлелдеулері бойынша Г. Вамберидің жасаған пікірі ешқандай да деректермен дәлелденбейді. Бұл туралы ғалым А. А. Семенов өзінің «К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана» атты еңбегінде айтып өткен болатын. Ғалым өзбектер Алтын Ордадан шыққан жоқ және кейбіреулер айтып жүргендей, олардың өз атауын алтынордалық Өзбек ханнан алғандығы дәлелденген жоқ дейді.

«Өзбек» атауының шығуы жөнінде өз пікірін білдірген ғалымдардың бірі Б. А. Ахмедов Хамдаллах Казвини мен Зайн ад-дин Казвинидің мәліметтеріне талдау жасай келе, «Бұл жерде әңгіме Өзбек хан және оның мемлекеті болып отыр, бірақ ол Ақ Орданың көшпелілеріне қатысты емес» - деп өз ойын түйіндейді [2, 13 б.].

Низам ад-дин Шамидің, Шереф ад-дин Йездидің мәліметтеріндегі «өзбек» атауына талдау жасаған зерттеуші З. Қинаятұлы мынадай қорытындыға келеді: «Сөйтіп, Өзі-бек атауы Әмір Темірдің тұсында дала көшпенділерін отырықшы батыс Қыпшақ бөлімдерінен ажырату мағынасында, орталыққа басы-байлы емес, өз елі бар, өз билігі өзіндегі көшпенділердің билеуші Бектеріне қолданылған атау. Осылайша Өзі-бек атанғандар негізінен жергілікті түркі және XII-XIII ғасырларда Моңғол үстіртінен ауып келген соңғы түркі тайпалары болатын» [3, 211 б.].

«Өзбек» атауы туралы белгілі зерттеуші, ғалым Б. Б. Кәрібаев өзінің «Өзбек» атауы туралы» атты мақаласында кең көлемде қарастырып өткен. Ол мақалада көптеген зерттеуші ғалымдардың «өзбек» атауы туралы тұжырымдарына, түрлі ортағасырлық деректердегі мәліметтерге сүйене отырып, бұл сөздің алғашында әлеуметтік мәні болғанын дәлелдейді. Ал кейіннен өзбек сөзінің мәні өзгеріске ұшырап, саяси әлеуметтік және соңында этникалық мәнге ауысқан деген қорытындыға келеді [4]. Осылайша көптеген зерттеушілердің «өзбек» атауына берген түсініктемелерін қарастыра отырып, біз шынында да бұл атаудың шығу тегін анықтауда әлі де болса нақты пікірдің жоқтығын анықтадық. Біздің ойымызша атаудың «өз» және «бек» деген екі сөзден құралғандығы және екі сөздің де түркі сөзі екендігінде дау жоқ. Сонда бұл сөздің мағынасы «өзіне өзі қожа», еркін, дербес деген мағына береді деп айта аламыз. Ал атаудың Өзбек деген кісі есімімен байланысына келетін болсақ, ортағасырлық жазба деректерде, соның ішінде «Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII вв.» атты парсы-түркі жазба деректерінде де Өзбек деген кісі атаулары көптеп кездеседі [1]. Бұл этникалық атаудың шығу тегін Алтын Орда ханы Өзбектің атымен байланыстыруға ешқандай деректердің жоқтығына орай жоғарыда айтылған А. А. Семеновтың пікірімен келісеміз.

Жалпы, XIII – XIV ғғ. моңғолдар үстемдігі дәуіріндегі этникалық дамулардың заңды қорытындысына моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтану процесінің аяқталуы, соның нәтижесінде «өзбек» атты жаңа этноқауымдастықтың дүниеге келуі жатады. Ал XIV ғ. II жартысы – XV ғ. I жартысы аралығында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған саяси және этникалық дамулар барысы «өзбек» этноқауымдастығынан «көшпелі өзбектер» атты этнобірлестікті бөліп шығарса, XV ғ. ортасында бұл этносаяси қауымдастықтан өз кезегінде жеке халық ретінде қазақ этносы бөлініп шығады [5]. Дегенмен, қазақ халқы аяқ астынан пайда болған жоқ. Қазақ халқының тамыры тереңде. Қазақ халқы қалыптасып Қазақ хандығы құрамына кірген ру – тайпалар, Үлкен Орда (Алтын Орда. – авт.) құрамында маңғыттар, қияттар, қыпшақтар, қытайлар, алшындар, мингилер (сарай-минги), наймандар, үйсіндер болған [6]. Осы тайпалардың барлығы бірігіп, кейіннен кездесе бастайтын өзбек – қазақ, қазақ этнонимдерімен атала бастайды. Бұл атаулар XIV – XV ғасырларда өмір сүрген Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы мемлекеттерінің тұрғындарына қатысты айтылады. Олар халық емес, этносаяси қауымдастықты құрады. Тарихи географиялық әдебиетте белгілі бір тарихи – этнографиялық аймақ шебінде құрылған мемлекет тұрғынының этносаяси қауымдастық деп аталатынын білеміз. Қандай халық болса да, өзінің ұзаққа созылған қалыптасу жолында көбіне көп әр түрлі феодалдық мемлекеттер шеңберінде оқшауланып қалады да, басқа халықтар бөлшектерімен бірге өздерінің жекелеген

құрамаларымен әр түрлі этносаяси қауымдастық құрайды. Көшпелі қоғам жағдайында мемлекеттердің шеңберінде уақытша этносаяси қауымдастық құрған рулардың, тайпалар мен өзге де этникалық бөлімшелердің көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы кезіндегі этникалық қоныстануының өзгермелі шекаралармен сәйкес келе бермейді. Пайда болып, жойылып кеткен мемлекеттер мен туыс тайпалардың этникалық орналасу шекараларының сәйкес келмеуі олардың этникалық жағынан жақындасуын қиындатты, өйткені саяси бөліну ежелден қалыптасқан шаруашылық, мәдени, этникалық байланыстардың сақталуы мен орнығуына кедергі жасады. Бұл жағдайдың қазақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңінде де едәуір дәрежеде әсері болды. Ол әсіресе XV ғасырдың екінші жартысының аяғына қарай, кезінде жергілікті халықтың этникалық, мемлекеттік дамуында зор рөл атқарған мемлекеттер құлдырай бастап, қалыптасқан халықтардың барлық бөліктерінің мемлекет болып бірігуіне объективті қажеттігі пісіп-жетілген кезде ерекше айқын аңғарылды.

Қазақстан аумағында белгілі бір этносаяси қауымдастық қалыптасқан халықты түгел қамтымай, оның бір бөлігі ғана қамтығандықтан, қазақ халқының тарихы тек Ақ Ордамен және оның өзбек, өзбек – қазақ, сонан соң қазақ этносаяси қауымдастығымен ғана байланысты емес. Қазақ халқын құраған тайпалардың бәрі Ақ Ордаға ғана кірген жоқ. Қазақтардың этникалық тарихы Әбілқайыр хандығы мен оның көшпелі өзбектерінің этносаяси қауымдастығымен де, Ноғай Ордасы мен оның этносаяси қауымдастығымен де, ақырында Моғолстан мен оның этносаяси қауымдастығымен де байланысты.

Этникалық бірлесу Моғолстанға қарағанда Ақ Ордада және Әбілқайыр хандығында жылдам жүрді. Ақ Ордадағы этникалық топтасу сырттай да, шын мәнінде де Моғолстанға қарағанда неғұрлым айқын жүрді. Ол деректемелерде айқынырақ көрсетілген, өйткені мемлекеттердің біріншісіне – Ақ Ордаға негізінен алғанда қыпшақ одағының этникалық жағынан жақын рулары мен тайпалары негіз болса, екіншісі екі қауымдастық – үйсін және қырғыз қауымдастықтарының, ал кейде Шығыс Түркістанның ұйғыр халқын қоса, үш қауымдастықтың да саяси бірлестігіне негізделді. Мұның өзі бұл топтардың этникалық дамуын қиындатты. Қолда бар деректемелерде Моғолстан халқы моғолдар деп аталған, сондықтан зерттеушілер оны бірде этникалық қауымдастық, бірде тайпалар одағы, енді бірде халық деп санайды. Алайда осы атаудың артында Жетісу қазақтары да, Тянь-Шань қырғыздары да жатыр, оны моғолдардың рулық – тайпалық құрамы ғана емес, сонымен қатар Мұхаммед Хайдардың қырғыздар да моғол тайпаларына жатады деп тікелей көрсетуі дәлелдейді [7, 294-295 бб.]. XIV – XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы этносаяси тарихтың бүкіл барысы Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының ғана емес, сәл кейініректе қазақтардың Ұлы жүзіне келіп тірелетін тайпалар, әсіресе Жетісу ауданындағы халқының құрамдас бөлігі болған Моғолстанның да саяси, шаруашылық және әлеуметтік өмірімен байланысты еді.

Қатар дамыған Ақ Орда мен Моғолстан Шыңғыс ханның Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы нәтижесінде пайда болған қырық ру моңғол ұлыстарының халық болып қалыптасқан тайпаларының саяси жағынан бөлінуін XIV ғасырдың өзінде-ақ қамтамасыз еткен еді. Олар өздерінің даму кезеңінде моңғолдар жаулап алуының теріс зардаптарын жоюға жәрдемдесті, Қазақстан аумағындағы этникалық процестерді тездетті. Бірақ үш жүзде халықтың қалыптасуына осы мемлекеттер ықпал жасағаны анық.

Қалыптасып жатқан қазақ халқының жекелеген бөліктерінің саяси жағынан Моғолстан, Ақ Орда, Ноғай Ордасы мемлекеттеріне бөлшектеніп кетуі қазақтардың этникалық тарихының барысына ықпал етті – ол қалыптасқан халықтың ертедегі орталықтар аумақтарының табиғи географиялық жағынан оқшаулануы себепті ежелден айқындалған жүздерге бөлінуін орнықтырды [7, 295 б.].

XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың – XV ғасырдың бірінші ширегіндегі көптеген ұсақ ұлыстардың және Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығының Орта және Кіші жүздері секілді ірілері саяси бірлестіктерінің этникалық құрамы іс жүзінде бірдей болды. Олардың құрамына мәдени – тұрмыстық, тілі,

шаруашылығы жағынан айырмашылығы жоқ деуге болатын белгілі түркі және түркіленген тайпалардың бөліктері белгілі бір мөлшерде енген. Деректемелерде екінші бірінде өзара жауласушы түрлі Жошы ұрпақтары бодандарының арасында рулық – тайпалық тегі бір әмірлер, бектер және феодалдық көшпелі үстем таптың басқа да өкілдері айтылады. Деректемелерде қыпшақ, найман, қоңырат, қарлұқ, үйсін, керей, маңғыт секілді ірі тайпалардың өкілдері мейлінше жиі аталады. Онша елеулі емес бүркіт, қият, қосшы, отаршы, жат, шымбай, кенегес, дұрман, күрлеуіт, таңғұт, ұйғыр, қытай, таймас, шабақты, шұңқарлы, ойрат, мажар және басқалар секілді тайпалар мен рулардан шыққандар да айтылады. Бұлардың бәрі – Орта Азия мен Қазақстанның түркі халықтарына ортақ, 92 көшпелі «өзбек» тайпаларының ең кейінгі тізімі бойынша белгілі [7, 296-297 бб.].

Жалпы алғанда Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығының өзбектер деп аталған халқының этносаяси қауымдастығын түркі тілдес халықтың қалыптасқан үлкен тармағы деп санауға болады. Осы тамақтың қалыптасу процесінің аяқталуы барысында XIV – XV ғасырларда қыпшақ, өзбек-қазақ, қазақ деген жиынтық этносаяси терминдердің ауысуы арқылы қазақтар деген этникалық атау анықталып, орнықты. Әулеттер өзгеріп, олардың әрқайсысы Жошы ұрпақтарының белгілі бір тектер мен тайпа көсемдері қолдаған өзіндік басқару бағытын нығайтты, бірақ шын мәнінде Ақ Орда мен Әбілқайыр ханның хандығы кезінде-ақ қалыптасқан қазақ халқының мемлекеті болған еді. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Моғолстан, Қырғызстандағы секілді, бұл мемлекеттер де автохтондық негізде пайда болды; олардың әрқайсысы этникалық қауымдастықтың азды-көпті бөлігін қамтыды. Бұл орайда халықтың бір әулетке бодандықтан екіншісіне ауысып отыруы жиі кездесті. Бұл әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі жағдайда оңай еді, мұның өзі халықтың іс жүзінде қалыптасқан этникалық тұтастығын қалыптастыруға кедергі жасайды. XV – XVI ғасырлар шебінде Шығыс Дешті Қыпшақ тайпалары мен руларының бір бөлігінің Мауараннахрға кетуі, XVI ғасырдың орта шенінде жекелеген рулардың қосып алынуы, 1514 жылы Жетісудан Қашғарияға әкетілетін жекелеген топтардың XVI ғасырдың 20 – 30 жылдарында қайтып оралуы халықтың шағын бөлігі ғана қамтыған, ал қалыптасқан халықтың негізгі бөлігі орнында қалып, XV ғасырдың екінші жартысына қарай этносаяси тұрғыда әбден айқындалған еді.

Масуд ибн Осман Кухистанидің, Камал ад-дин Бинаидің, Шадидің, Мыра Мұхаммед Хайдардың, Махмұд ибн Уәлидің және басқа авторлардың XV ғасырдың ортасы – XVI ғасырдың басындағы оқиғалар баяндалатын шығармалары Жошының әр ұрпағынан тараған хандардың Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістанның деректемелерде бірде өзбектер, бірде өзбек – қазақтар деп аталатынын, бірақ оның ірі бөліктерінің бірі – Орта жүзде іс жүзінде халық болып қалыптасқан бір ғана халқына билік жүргізу жолындағы күресі туралы мәліметтерге толы. Егер XVI ғасырдың басындағы деректемелерде Шығыс Дешті Қыпшақтың халқына қазақтар деген атау барған сайын қолданыла түсетін болса, бұл халықтың сол кезге қарай қалыптасқанын және «қазақтардың» Жетісуға, «өзбектер» Мауареннахрға кеткеннен кейін «қайтып келгенін» көрсетпейді, өйткені деректемелерде Жәнібек пен Керейге еріп Жетісуға кеткендер, яғни Әбілқайыр ханның бодандары да өзбектер, өзбек әскері – «кошунат-и узбак» деп аталады. Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістан сол кездің өзінде-ақ этникалық жағынан гөрі, саяси жағынан қазақтар деп аталып кеткен халқына саяси билік жүргізудің Жошы ұрпақтарынан тараған Ақ Орда хандарына көшкенін ғана көрсетеді. Мауараннахрға Әбілқайыр хан бодандарының Мұхаммед Шайбани өз ықпалын орнықтыра алмай-ақ қойған негізгі бұқарасы кетіп қалмағандықтан, осы әулеттік өзгерістерден кейін де шын мәнінде, Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығы кезіндегіден өзгеріс болған жоқ. Айырмашылығы сол кезге дейін Моғолстан хандарының бодандығында болған Жетісу халқынан сүйеніш тапқан хандардың жеңіп шығып, олардың бодандары санының ұлғайғандығында ғана болды [7, 298-299 бб.].

Ұлан байтақ Дешті Қыпшақ жеріндегі халықтардың XIV ғасырда да бір этностың құрамында болғандығы туралы зерттеуші – ғалым Қанат Өскенбайдың «Ұрыс-ханның саяси қызметі мен оның қазақ мемлекеттілігі тарихындағы орны» атты мақаласында XIV ғасырдың

70-жылдарының ортасында Ұрыс-хан басқарған Ақ Орда мемлекетінің территориясы Шығыс Дешті Қыпшақтың үлкен далалық кеңістігін қамтығандығы айтылды. Мемлекеттің территориясы шамамен солтүстік-шығыс және шығысы Ертістің сол жағалауынан Жайсан мен Аягөз арқылы Балқаш көлінің солтүстік жағалауымен Шу мен Талас өзендеріне жеткен, одан ары оңтүстік – шығыс пен оңтүстікте Сырдария өзені табиғи шекара болған. Осылайша аймақтағы ең оңтүстіктегі қалалар Тараз, Сайрам және Отырар болған. Ақ Орда құрамына кейде алма-кезек Сырдарияның оңтүстік жағалауында орналасқан – Үзкент, Баршынкент және Жент қалалары қосылып отырған. Оңтүстік – батыс пен батыстағы иеліктеріне барлық Арал – Каспий аймағы, Маңғышлақ енген. Ал батыс иеліктері Еділ – Жайық өзендерінің аралығынан бастап Еділдің сол жақ жағалауына дейін жеткен. Мемлекеттің солтүстік шекарасын анықтауда қиындықтар туындап отыр, себебі Батыс Сібір жазығы ол кезде Шибандықтар қол астында болған. Автор мақалада Ақ Орда мемлекетінің шекарасын сипаттай отырып, оның этникалық құрамына тоқталып өтеді. Мақалада Ақ Орданың саяси шекаралары этникалық шекаралармен толық сәйкес келетіндігі аталады. Шығыс Дешті Қыпшақ мемлекеттілігіне тән ерекшелік оның этносаяси бірлігінен көрінеді. Басқа сөзбен айтқанда осы кезеңдегі Ақ Орда мемлекеті үшін этникалық қатынастағы басты ерекшелік, басқа да Шыңғыс ұрпақтары ұлыстарына қарағанда, халықтың бірыңғайлылығы болды [8].

XIV ғ. 60 – 70 жылдарындағы Ақ Орда мемлекетінің әскери-саяси тарихын зерттеу барысында Ордалықтардың билеуші әулетінің мақсаты өздерінің қол астына Шығыс Дешті Қыпшақтың бірыңғай этникалық тобын жинау болғандығы анықталды. Негізінде бұл саяси доктрина Ұрыс ханның билігі кезінде іске асты, ол кезде мемлекеттің шекарасы аймақтың маңызды өзендері – Ертіс және Еділ, Сырдария және Тобыл, Есіл арқылы өтті. Орталық иелік ретінде мұнда Торғай мен Сарысу өзендері Ұлытау тау жүйесімен бірге енген. Осылайша автор мақаласында Ұрыс хан мемлекеті қазақ ұлттық мемлекеттілігінің үлгісі бола алады деп көрсетеді. Бұл мемлекеттің құрамына бірыңғай этникалық топ – қазақ халқы енген деген тұжырым жасайды. Аталған мақаладан қазақ халқы ру – тайпаларының XV – XVIII ғасырларда мекендеген жерлерінің сонау Ақ Орда дәуірінде де бірыңғай этникалық топ болып мекендегіні көрінеді [8].

Кез келген әлеуметтік организмнің өз аумағы шегінде экономикалық байланыстардың белгілі бір қауымдастығы болады. Қазақ халқы мен оның этникалық аумағының құрылу, қалыптасу дәуіріндегі белгілі бір шаруашылық – мәдени үлгі этносаяси үрдістер негізінде қалыптасқан ірі этноаумақтық тайпалар бірлестіктері – жүздер этноәлеуметтік организмнің жоғары санаттарының бірі болды. Қазақтар тарихындағы мұндай бірлестіктер – Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз.

Жүздер халқының негізгі кәсібі Еуразия далаларында ерте заманның өзінде-ақ қалыптасқан өзінше бір шаруашылық-мәдени үлгі – көшпелі мал шаруашылығы болды. Ал егер этносаяси процестер жайында айтар болсақ, олар Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдардың тарихымен, бірін бірі ауыстыруымен байланысты.

Жүздердің пайда болу себептері туралы әдебиеттер көп, бірақ олардың ең ертеректе айтылуы XVII ғасырдың аяғына жатады. Жүздердің тарихымен көптеген зерттеушілер айналысты және айналысып келеді, ал бұл мәселе жөніндегі пікірлер әр түрлі. Мысалы, С. А. Аманжолов ертедегі қазақ жері үш жүзге монғолдарға дейінгі кезеңде – X – XII ғасырларда бөлінді деп санайды. Н. А. Аристов бұл процесті жоңғар шапқыншылығы дәуіріне жатқызады. Ш. Ш. Уәлиханов қазақтардың үш жүзге бөлінуі «...өздері көшіп жүретін жерлерде өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін одақтар құрған...» «аласапыран кезге» байланыстырады.

Ш. Ш. Уәлихановтың жүздер пайда болуының себептері, уақыты туралы пікірі шындыққа мейлінше жақын, оған кейінгі тарихшылардың көзқарастары да жақындайды. В. В. Бартольд жүздердің пайда болу себебін қоршаған табиғатқа байланысты көшпелі мал шаруашылығын жүргізу жағдайларының айырмашылығында деп біледі. Осындай аудандардың бірі – Жетісу және Сырдарияның орта ағысы, екіншісі – Сарысу өзені мен

Сырдарияның төменгі ағысы, үшіншісі – қазіргі Батыс Қазақстан аумағы болатын. В. В. Бартольдтің пікірінше, жүздердің құрылуында да осылайша оқшаулану себеп болған.

В. В. Бартольдтің пікірін М. Вяткин қолдап және одан әрі дамытып, географиялық фактормен қоса саяси процестер де зор рөл атқарғанын айтты. «Жекелеген ордалардың ерекше саяси одақтар ретінде қалыптасуын...» М. Вяткин XVI ғасырдың аяғына жатқызады.

«Бізде, деп жазады Т. Сұлтанов, - жүздердің қашан және қалай құрылғаны туралы нақты мәліметтер жоқ. Шығыстың азын-аулақ деректемелерінде қазақтар туралы ешнәрсе айтылмайды». Бұдан кейін Т. Сұлтанов XVI ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамы ұйымдастыруының бір нысаны екінші нысанымен – Ұлыс жүйесінің жүздермен біртіндеп ауысуы орын алған деп жорамалдайды.

«Жүз» терминінің шығу тегі туралы нақты пікір және қазақ жүздерінің пайда болу уақытын анықтаудағы үйлесімді келісім осы кезге дейін болмай отыр. Қазақстан тарихының осы күрделі де маңызды проблемаларын ашу мен шешу бөлігі міне осында жатқан болуы мүмкін. Көптеген зерттеушілер қазақ «жүзін» арабтың «джуз» – бір нәрсенің «басты бөлігі», «тармақ» деген сөзімен сәйкестендіреді. Алайда араб деректемелерінде тайпалар одақтары аумақтарының бір бөлігі ретінде жүздер туралы ешқандай мәліметтер жоқ. Олар ортағасырлардың аса ыждаһатты тарихшылары Рашид ад-Дин мен Фазлаллах ибн Рузбиханидің шығармаларынан да табылмайды.

Махмұд ибн Уәлидің 1634 – 1641 жылдарда жазылған шығармасында Шайбани хан өлгеннен кейін оның ұлы Баһадүр «осы ел мен ұлысқа басшылық ете бастады» делінген. Одан әрі: «...ол қыстауы мен жайлауы үшін Ақ Орданы таңдап алды, ол әрі Йуз-Орда ретінде де белгілі» - дейді.

В. П. Юдин Йуз-Орданы қазіргі қазақтардың «жүз-ордасына» теліп, бұл арада ертеде «йуз» терминінің болғаны туралы айтылуы мүмкін, бірақ оны жүздер уақытымен ешбір байланыстыруға болмайды дейді [7, 308-309 бб.].

Белгілі зерттеуші – ғалым К. Есмағамбетов өзінің «Елдік белестері» атты мақаласында қазақ жеріндегі жүздердің пайда болуы турасындағы шетелдік ғалымдардың тұжырымдарын атап өткен болатын [9]. Осы орайда сол тұжырымдарды көрсетсек деп отырмыз. Қазақтың үш жүзі – бір мемлекеттің үш бөлігі ғана. Бұл жөнінде М. Олкотт былайша түсіндірме береді: «Кейбір тайпалардың халқының саны мен иелігінің ұлғаюы әлеуметтік ұйымдасу мен басқаруға қатысты проблемалар туғызды. Міне осы жағдайда және генеологиялық факторларға байланысты XVI ғасырдың бірінші жартысында хандық аумағы үш жүзге бөлінді. Бірақ осыған қарамастан, - деп жазады М. Олкотт, қазақтар бір тілде сөйлейтін, жалпыға тән мәдениеті мен экономикасы бар біртұтас халық болып қалды».

Неміс ғалымы Э. Саркисянц «1917 жылға дейінгі Ресейдің шығыс халықтарының тарихы» деген зерттеуінде Қазақ хандығының құрылу тарихын, оның Қасым, Таһир (1523/24 – 1531/32), Хақназар (1537/38 – 1580) хандар тұсында көршілес халықтармен қарым-қатынастарын, тайпалық құрамы мен этникалық аумағының қалыптасуын егжей-тегжейлі баяндайды. Әсіресе, ол Тәуке хан тұсындағы (1651 – 1718) бір орталыққа бағынған Қазақ мемлекетіне ерекше тоқталады.

Қазан төңкерісіне дейінгі кейбір орыс ғалымдары да Қазақ хандығы жөнінде объективті пікірлер білдірді. «Далалық облыстардың қырғыздары туралы заңдар жинағы» деген еңбекте: қырғыз – қайсақ ханы Тәуке тайпалар арасында тыныштық, рулар арасында жерді әділ бөліп беріп, оны пайдалану тәртібін орнатты, жалпы ол заңдылық негізінде әрекет етті; бәрін де ақылмен істеп, тәжірибе мен шеберлігіне сүйенген Тәуке үш қырғыз – қазақ ордасына билік жүргізді; әр-бір ордаға өз өкілдерін: Ұлы жүзге Төлені, Орта жүзге Қазыбекті, Кіші жүзге Әйтекені тағайындады делінеді.

И. И. Крафт XVIII ғасырдың бас кезінде «жүз» бөлек хандық мағынасындағы құрылым емес, көбіне көп бір мемлекет құрамындағы генерал – губернаторлықты білдіреді деп көрсеткен.

XIX ғасырдың орта кезіндегі А. Терещенко деген автордың «Дешті Қыпшақ іздері және Ішкі Қырғыз-қайсақ ордасы» деген мақаласында да осы секілді мәліметтер келтіреді [9].

К. А. Пищулина Ақ Орда мен Моғолстан кезеңінде сол мемлекеттер тайпаларының этникалық тұрақтануы орын алды және «Қазақстан халқы этникалық жағынан барған сайын біртекті, көпшілігі түрік тектес болды...» деп жазады. Қазақстан халқының XIII ғасырда моңғолдардың шапқыншылығы үзген этносаяси және шаруашылық-мәдени даму үрдістері қайта жанданып, екі қазақ жүзінің: Ұлы және Орта жүздерінің қалыптасу орталықтарына айналды. Бұған үшінші орталық – Кіші жүз қалыптасқан Батыс Қазақстанды қосу керек.

Алтын Орда ыдырағаннан кейін Маңғыт ұлысы едәуір салмаққа ие болды, ол Едігенің мұрагерлері кезінде (XV – XVI ғғ.) бұл ордада ноғайлар санының өсуі себепті Ноғай Ордасы деп атала бастады, оның осындай салмақ алуы маңғыттардың монғол тайпаларының біржола түріктенуіне әкеліп соқты. Ноғай Ордасына түрік тайпалары: қыпшақтар, қаңлылар, қоңыраттар, керейіттер, наймандар, арғындар және басқалар, яғни қазақ халқының құрамына кірген тайпалар ұйытқы болды. Қазақтар мен ноғайларды тілдерінің жақындығы ғана емес, материалдық және рухани мәдениеті де туыстастырады. Бұл этностардың жері де шектес болатын: «...Хвалын теңізі мен Астарахан арасында казак ордалары және Жайықтың басынан Еділге қарай үлкен ноғайлар» орналасқан. Ноғай Ордасындағы XVI ғасырдың екінші жартысындағы өзара қырқыстар Ноғай Ордасының ыдырауына, олардың бір бөлігінің Кавказға көшіп кетуіне әкеліп соқты, ал Жайық өзенінде болған ноғайлар қазақ халқының құрамына және оның этноаумақтық бөлігі – Кіші жүзге кірді.

Қазақтардың рубасыларының сөздерінен жазып алынған әскери қызмет атқарған адамдардың хабарларын деректі деректемелер тобына жатқызып, оларды өткен ғасырларға аударуға болады, өйткені көшпелі қоғамның рулық – тайпалық құрылымы тіпті өзгерген түрінде де өздерінің негізгі сипаттамаларын сақтап қалады, ал олардың сыртқы көрінісі – рулық схеманың негізгі таксономиялық деңгейлері өзгермейтін қасиеті болады.

Әскери қызмет атқаратын адамдар Т. Петров пен И. Кунициннің Қалмақ даласына барған кезінде көргендері туралы «сұрап алынған сөзінде»: «...қазір Қалмақ жерінде қазақтардың Үлкен ордасы мен Қырғыз одағының бодандықта екенін және оларға құлақ асатынын көрдік...». Бұл хабар 1616 жылы айтылған және қазақтардың Үлкен ордасы туралы ең ертеректегі айтылған сөз болып табылады. Егер Үлкен орда болса, оның антидопы – Кіші орда өзінен-өзі сұранып тұрады. Тарихта мұндай мысалдар болған – Ноғай Ордасынан Кіші ноғайлар құралғанын-ақ еске алайық.

1731 жылдың аяғында қазақтардың бодандығы туралы келіссөз жүргізу үшін Кіші жүзге келген тілмаш М. Тевкелев Бөкенбай батырдың айтуынан: «...Қырғыз-қайсақ ордасы үш бөліктен, атап айтқанда: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзден тұрады» деп жазып алған.

Орынбор экспедициясының (1734 ж.) бастығы И. Кирилловтың хабарында қазақ жүздері туралы жалпы түсінік бар.

XVIII ғасырдың аяғындағы құжаттарда қазақ жүздері туралы мейлінше толық түсініктер бар, оларды неғұрлым ертеректегі ғасырлар туралы айтқанда келтіруге болады, өйткені қазақтардың этникалық жерінің қалыптасуы – ұзаққа созылған процесс және ол алдыңғы ғасырларда жүріп жатты. Тайпалар шекараларының тоғысқан жерлерінде әлдебір өзгерістер болуы мүмкін, бірақ жүздердің аймақтары, олардың сипаты сақталып қалды, өйткені жүздер жинақтап алғанда қазақ халқының біртұтас аумағы болып табылатын салыстырмалы болса да, тұрақты этноаумақтық құрылым [7, 310-311 бб.].

XV – XVIII ғасырлардағы Қазақстанның этникалық құрамы мәселесін қарастыру барысында қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің тағы бір ерекшелігін көре аламыз. Көптеген уақыт бойы еуроцентристік көзқарастағы тарихшылар қазақ жерінде мемлекеттілік болмаған деген жалған тұжырым айтып келді. Бұл жалған тұжырымның қате екендігін бір ғана қазақ жеріндегі ру-тайпалық құрылыстың дамуы мәселесі арқылы дәлелдеуге болады. Біз зерттеу жұмысымызда осыған көз жеткізгендей болдық. Сонымен бірге еліміздің көрнекті тарихшыларымыздың пікірімен ұштас ойға келдік. Қазақ жерінде басқару жүйесі

рулық-тайпалық жүйе бойынша жүрген. Жер қоғамдық меншікте болған. Әр ру-тайпаның өзінің жаз жайлайтын жайлауы мен қыс қыстайтын қыстауы болған. Ол туралы біз қарастырып отырған түркі – парсы деректерінде біршама мәліметтер кездеседі. Бізге белгілі және әлі де зерттеуші – ғалымдардың назарына ілікпеген тың деректерді тауып, осы мәселені одан әрі зерттей отырып, қазақ халқының қалыптасуындағы этникалық үрдістердің қыр-сырын анықтау отандық тарих ғылымы алдындағы негізгі мәселелердің бірі екендігін алдыға тарпақпыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. 651 с.
2. Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. – М.: Наука 1965. – 182 с.
3. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: Елорда, 2004. – 339 б.
4. Кәрібаев Б. Б. «Өзбек» атауы туралы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. № 4(67). – 2012. – 19-23 бб.
5. Кәрібаев Б. Б. «Өзбек – қазақтардың» этникалық құрамы туралы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. № 3(66). – 2012. – 66-72 бб.
6. Ускенбай К. З. Современная историография Большой Орды // Отан тарихы, 2012. № 3. С. 100-104.
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2-том. – Алматы: Атамұра, 2010 – 640 б.
8. Ускенбай К. З. Политическая деятельность Урус-хана и его место в истории казахской государственности // Отан тарихы (Отечественная история). 2006, № 1, стр. 89-95.
9. Есмағамбетов К. Елдік белестері // Егемен Қазақстан. № 13 (28491), 22 қаңтар, 2015 жыл.